

**Жылжымайтын мүлікті жалдаудың
№ _____ ШАРТЫ**

Астана қ.

« ____ » _____ 202_ ж.

«City Transportation Systems» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан, _____ негізінде әрекет ететін, _____, бұдан әрі «Жалға беруші» деп аталатын, бір жағынан және _____ атынан, негізінде әрекет ететін, _____, бұдан әрі «Жалдаушы» деп аталатын, екінші жағынан, бірлесіп «Тараптар» деп аталатын, ал жеке-жеке «Тарап» немесе жоғарыда көрсетілгендей, осы жылжымайтын мүлікті жалдау шартын жасасты (бұдан әрі – Келісімшарт) және төмендегілер туралы келісімге келді:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Жалға беруші Жалдаушыға осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1 Қосымшаға сәйкес жылжымайтын мүлікті (бұдан әрі – Объект) уақытша өтеулі иеленуге және пайдалануға (жалдауға) береді, ал Жалдаушы жалдау ақысын уақтылы төлеуге және осы Шартта көзделген өзге де талаптарды орындауға міндеттенеді.

1.2. Жалға беруші Объектілердің _____ негізінде оған тиесілі екендігін хабарлайды және кепіл болады.

1.3. Объектілер Жалдаушыға нысаналы мақсатына сәйкес беріледі - автомобильдерді ақылы негізде тұраққа қою (тұрақ).

2. МҮЛІКТІ ЖАЛДАУ ЖӘНЕ БЕРУ МЕРЗІМІ

2.1. Жалға берушінің Объектілерді Жалдаушыға уақытша иеленуге және пайдалануға беруін Тараптар осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №2 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша Объектілерді Қабылдау-тапсыру актісіне қол қою арқылы ресімдейді.

2.2. Жалдау мерзімі: Тараптар Объектілерді Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап 11 (он бір) ай.

Жалдау ақысын төлеудің басталу күні: Келісім-шарттың 3.2-тармағына сәйкес.

2.3. Тараптар Шарттың қолданылу мерзімін ұзартқан жағдайда, Жалдаушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Шартқа қосымша келісімге қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жылжымайтын мүлікпен мәмілелерді тіркеуге уәкілетті органдарда Шартты мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыруға міндеттенеді. Шартты тіркеу бойынша шығындарды Жалдаушы көтереді.

2.4. Жалдау мерзімі аяқталған күні немесе Шарттың қолданысы басқа негіздер бойынша тоқтатылған күні Жалдаушы Объектілерді босатуға және Жалға берушіге қайтаруға міндетті. Объектілерді қайтару осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №3 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша Объектілерді Қайтару туралы актіге қол қою арқылы ресімделеді. Объектілерді Қайтару туралы акт оған Тараптар қол қойған күннен бастап Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және оған қол қою Жалдаушының Объектілерді Жалға берушіге жалдау мерзімі өткен күні немесе өзге де негіздер бойынша осы Шарттың қолданылуы тоқтатылған күні іс жүзінде қайтарғанын куәландырады. Объектіні Қайтару туралы актіге Тараптар жалдау мерзімі аяқталған немесе өзге негіздер бойынша Шарттың қолданылуы тоқтатылған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қол қоюға тиіс.

2.5. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін өз міндеттерін тиісінше орындаған Жалдаушының мүліктік жалдау шартын жаңа мерзімге жасасуға басым құқығы болады. Жалдаушы Жалға берушіні осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) айдан кешіктірмей жалдау шартын жасасуға ниет білдіргені туралы жазбаша

хабардар етуге міндетті. Жаңа мерзімге Шарт жасасу кезінде шарттың талаптары тараптардың келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

2.6. Жалға берушінің өз қалауы бойынша Шарттың қолданылу мерзімін ұзартуға және Объектілерді жалдауға бастамашылық жасауға құқығы бар.

2.7. Егер Жалдаушы Шарттың мерзімі өткеннен кейін Объектілерді пайдалануды жалғастырса, Жалдаушы тарапынан қарсылықтар болмаған жағдайда, Шарт сол шарттарда белгісіз мерзімге жаңартылған болып есептеледі. Бұл ретте, Тараптардың әрқайсысы бұл туралы екінші Тарапқа кемінде 3 (үш) ай бұрын жазбаша ескертіп, кез келген уақытта шарттан бас тартуға құқылы.

3. ЖАЛДАУ АҚЫСЫ ЖӘНЕ БАСҚА ТӨЛЕМДЕР

3.1. Объектілерді жалдау үшін айына жалдау ақысы, ҚҚС есебімен, _____ (_____) теңгені құрайды.

3.2. Бірінші жалдау ақысын Жалдаушы, Тараптар Объектілерді Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап, 5 (бес) жұмыс күні ішінде төлейді. Жалдау ақысын төлеу Жалдаушы Объектілерді нақты босатқан және Объектіні Қайтару туралы акті бойынша оны Жалға берушіге қайтарған күннен бастап тоқтатылады.

3.3. Жалдаушы жалдау ақысының сомасын осы Шарттың 11-бөлімінде көрсетілген Жалға берушінің есеп айырысу шотына әрбір күнтізбелік айдың 5 (бесінші) күніне дейін 100% мөлшерінде алдын ала төлем тәртібімен ай сайын төлейді.

3.4. Осы Шарт шеңберінде бір есептік кезең (ай) тиісті айдағы күндердің күнтізбелік санын құрайды. Егер есеп айырысу кезеңінде Объектілерді жалдау қызметтері бір айдан аз мерзімге көрсетілсе, төлем есеп айырысу кезеңі (айы) үшін жалдаудың нақты уақыты үшін жүргізіледі.

3.5. Жалдаушы осы Шартқа қол қойылған күннен бастап және 5 жұмыс күні ішінде осы Шарттың 11-бөлімінде көрсетілген Жалға берушінің есеп шотына осы Шарттың орындалуын қамтамасыз ету және Жалдаушы келтірген материалдық залалды өтеу ретінде бір айлық жалдау ақысы мөлшерінде кепілдік ақшалай жарнаны (депозитті) енгізуге міндетті.

3.6. Жалға берушінің кепілдік ақшалай жарнаны (депозитті) қайтаруы Шарт бойынша міндеттемелерді Жалдаушы тиісінше орындаған және Жалға беруші тарапынан ескертулер болмаған жағдайда, осы Шарт тоқтатылған немесе бұзылған кезден бастап, 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Шарттың 11-бөлімінде көрсетілген Жалдаушының есеп шотына жүзеге асырылады.

3.7. Жалға берушінің осы Шарт бойынша жалдау ақысының мөлшерін әрбір күнтізбелік жылдың басында, бірақ жылына бір реттен жиі емес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген инфляция деңгейіне өткен күнтізбелік жылға ұлғайтуға құқығы бар. Бұл ретте, Тараптар Шартқа қосымша келісімге қол қояды, ал Жалға беруші Жалдаушыны нақты өзгеріске дейін кемінде 1 (бір) ай бұрын төлем шарттарының өзгергені туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.

3.8. Есепті кезең аяқталғаннан кейін, есепті айдан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей, Жалға беруші Жалдаушыға орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) Актісін ұсынады. Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) Актісі айдың соңғы күнімен белгіленуге және көрсетілген қызметтер тізбесінің толық және егжей-тегжейлі сипаттамасын қамтуға тиіс. Жалдаушы орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) Актісін алған күннен бастап үш күн мерзімде оған қол қоюға және Жалға берушінің данасын қайтаруға міндетті.

3.9. Тараптар ай сайын әр күнтізбелік айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеруге міндеттенеді. Жалға беруші өзара есеп айырысуларды салыстыру Актісін жасайды, оны Жалдаушыға жібереді. Жалдаушы өзара есеп айырысуларды салыстыру Актісін алған күннен бастап үш күн мерзімде оған қол қоюға және Жалға берушінің данасын қайтаруға міндетті.

4. ЖАЛДАУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Жалдаушы мынадай міндеттеме алады:

4.1.1. осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Жалға берушіден осы Шарттың талаптарында Қабылдау-тапсыру актісі бойынша Объектілер қабылдау;

4.1.2. осы Шарттың талаптарына сәйкес мөлшерде және мерзімде жалдау ақысын төлеу;

4.1.3. жалға алу мерзімі аяқталған күнге немесе Шарттың өзге негіздер бойынша қолданысы тоқтатылған күнге Жалдаушы Объектіні қалыпты тозуды ескере отырып, одан әрі пайдалануға жарамды күйде қайтару туралы Акті бойынша Объектілерді Жалға берушіге қайтаруға міндеттенеді;

4.1.4. жалға алу мерзімі аяқталған кезде немесе Шарттың қолданылуы өзге негіздер бойынша тоқтатылған күні Объектілер уақтылы босатылмаған жағдайда, Объектіні нақты пайдаланғаны үшін жалдау ақысын мерзімнен тыс төлеу;

4.1.5. жалға алынған Объектілерді толығымен жалдауға (қосалқы жалдауға) беру, осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін басқа тұлғаға беру, жалданған объектілерді пайдаланудың қандай да бір нысандарына беру туралы шешім қабылданған жағдайда Жалға берушінің жазбаша келісімін алу. Көрсетілген жағдайларда Шарт бойынша Жалға берушінің алдында Жалдаушы жауапты болып қалады;

4.1.6. Жалға берушінің Объектілеріне өз құқықтарын кепілге бермеуге және оларды шаруашылық серіктестіктердің, акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталына салым немесе өндірістік кооперативке жарна ретінде енгізбеуге;

4.1.7. Тараптармен келісілген мерзімде Жалға беруші жалға берген Объектілерге өз есебінен күрделі жөндеу жүргізу;

4.1.8. жалға алынған Объектілерді тиісті жағдайда ұстау, өз есебінен ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу және мүлікті ұстау шығындарын көтеру;

4.1.9. осы Шартқа қол қойылғаннан және Объектіні Қабылдау-тапсыру актісі бойынша Объектілерді өз бетінше қабылдағаннан кейін өз қаражаты есебінен Объектілерді ұстауға байланысты міндеттемелер мен шығындарды (электр энергиясы, жинау, техникалық қызмет көрсету, қоқысты шығару, орташа және күрделі жөндеу, таңбалар салу, жол жүрісі белгілерін, айналарды сатып алу және монтаждау және Объектілерге байланысты басқа да шығындар) көтеруге;

4.1.10. Жалдаушы тұрақ аймақтарында орнатылатын автоматтандырылған бағдарламалық-аппараттық кешендерге тұрақты қызмет көрсетуді және ақауларға төзімділікті қамтамасыз етеді;

4.1.11. жалға алынған Объектілер үшін зиянсыз бөлінбейтін жақсартулар жасауға, сондай-ақ мұндай жақсартулар объектілердің нысаналы (функционалдық) мақсатын өзгерткен жағдайларда Жалға берушінің жазбаша келісімін алуға;

4.1.12. Объектілерді иелену және пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы заңнамасының талаптарын қамтамасыз ету және сақтау;

4.1.13. қалалық шұғыл ден қою қызметтерін (полиция, өрт сөндіру қызметі, коммуналдық авариялық қызметтер және т. б.) төтенше жағдайлардың, өрттердің, паркингтерде, іргелес және жақын тұрған ғимараттарда су тасқынының туындауы, бөгде адамдардың паркинг аумағына және тұрғын емес үй-жайларға кіруі туралы дереу хабардар ету;

4.1.14. бақылаушы және тексеруші органдардың ұйғарымдарын, олардың Жалдаушыға және (немесе) Жалға берушіге жіберілген жазбаша нұсқауларын белгіленген мерзімде орындау;

4.1.15. Объектілердің өртке қарсы қауіпсіздік жүйесіне қызмет көрсететін компаниямен шарт жасасу;

4.1.16. Жалға берушінің мүлкін тәулік бойы өткізу режимін және қорғауды қамтамасыз ету;

4.1.17. тұрақ орындарын жалға алу қызметтерін үздіксіз және тиісті сапада көрсетуді қамтамасыз ету;

4.1.18. Жалға берушіге Жалға берушінің мүлкіне кез келген зақым, авариялық жағдайлар туралы дереу хабарлау және осындай зақымданулар мен жағдайларды болдырмау және жою бойынша барлық ықтимал шараларды уақтылы қабылдау;

4.1.19. осы Шарттың 6.1 және 6.3-тармақтарын басшылыққа ала отырып, тұрақ орындарын Жалдаушылар үшін белгіленетін ай сайынғы жалдау ақысына тарифті Жалға берушіге келісуге жіберу;

4.1.20. осы Шартқа қол қойылған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Жалға берушінің Объектілеріне қызмет көрсететін ұйымдармен (электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығындар және т. б.) шарттар жасасу;

4.1.21. осы Шарттың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін Жалдаушы қалыпты тозуды және осы Шарттың 6.10-тармағының талаптарын ескере отырып, Объектілерді Жалдаушыға алған күйінде қайтаруға міндетті;

4.1.22. Жалдаушы Жалға берушіге Объектілерде Жалдаушы жүргізген барлық бөлінетін жақсартуларды, себептеріне қарамастан, Шарттың қолданылу мерзімі өткен немесе өзге де тоқтатылған жағдайда жұмыс жағдайында беруге міндеттенеді;

4.1.23. Жалдаушының қандай да бір қызметті жүзеге асыруы үшін қандай да бір лицензиялар және/немесе рұқсаттар алу қажет болған жағдайда Жалдаушы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес осындай лицензияларды және/немесе рұқсаттарды дербес алуға міндеттенеді;

4.1.24. жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау, олар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде тиісті шаралар мен шешімдер қабылдау;

4.1.25. Астана қаласы әкімдігінің iKomek 109 бірыңғай байланыс орталығымен жұмыс бойынша жауапты тұлға тағайындау. Бұл ретте, Жалдаушы iKomek 109-бен келіп түскен өтініштерді (шағымдар, ұсыныстар, сұраулар және т.б.) пысықтау бойынша өзара іс-қимыл регламентін әзірлеп, қол қоюы қажет.

4.1.26. Шарттың қолданылу мерзімі өткен немесе кез келген негіз бойынша тоқтатылған/бұзылған жағдайда, Объектілер қайтарылған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жылжымайтын мүлікпен мәмілелерді тіркеуге уәкілетті органдарда Шарт бойынша құқықтардың тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға міндетті. Тіркеу шығындарын Жалдаушы көтереді.

4.2. Жалдаушы құқылы:

4.2.1. Жалға берушінің келісімі бойынша бөлінетін жақсартуларды жабдықтау және орындау;

4.2.2. осы Шарттың 4.2-тармағының 4.2.3- тармақшасына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, нысаналы (функционалдық) мақсатының өзгеруіне байланысты құқықтары мен мүдделері қозғалатын Жалға берушімен, уәкілетті органдармен және басқа да мүдделі тұлғалармен алдын ала жазбаша келісілгеннен кейін, Объектілердің нысаналы (функционалдық) мақсатын өзгерту;

4.2.3. Жалға беруші Объектілерінің нысаналы (функционалдық) мақсатын өзгертуге объектілердегі Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсат етілген қызмет түрлері үшін жол беріледі.

5. ЖАЛҒА БЕРУШІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Жалға беруші міндеттенеді:

5.1.1. осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Объектіні Қабылдау-тапсыру актісі бойынша Объектілерді Жалдаушыға беруге және осы Шарттың талаптарында Жалдаушының Объектілерді пайдалануына кедергі келтірмеуге тиіс.

5.2. Жалға беруші құқылы:

5.2.1. Жалдаушыдан осы Шарттың талаптарына сәйкес мерзімдер мен мөлшерде жалдау ақысын уақтылы төлеуді талап ету;

5.2.2. осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

5.2.3. Жалға беруші Жалдаушының қызмет көрсету сапасын, Жалға беруші объектілерін ұстау және жай-күйін мерзімдік тексеруді осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде тәуліктің кез келген уақытында жүзеге асыруға құқылы.

6. ЕРЕКШЕ ШАРТТАР

6.1. Осы Шарт жасалғанға дейін Жалға беруші белгілеген тұрақ орындарын жалға беру қызметтеріне тарифтер болған кезде, Жалдаушы Объектіні Қабылдау-тапсыру актісі бойынша Объектілерді Жалдаушы берген күннен бастап, күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде осы Шарттың 6.15.-тармағының талаптарын ескере отырып, осы Шарт жасалғанға дейін Жалға беруші белгілеген тұрақ орындарын жалға беру қызметтеріне тарифтердің өзгеруін жүзеге асырмауға міндеттенеді.

6.2. Жалдаушы жылына 1 (бір) реттен жиі емес Жалға берушіге пайдаланушыларға арналған тұрақ орындарын жалға беру қызметтерінің тарифін ұлғайтуды келісу үшін, негізделген есептеулерді қоса бере отырып, сұрау салуға құқылы.

Бұл ретте Жалға берушіге келісуге жіберілетін тарифтің мөлшері қолданыстағы тарифтің 30%-нан асыра ұлғайтыла алмайды.

6.3. Жалға беруші жаңа тарифті келіспеген жағдайда, Жалдаушы ай сайынғы тұрақ орындарын жалдау ақысының жаңа тарифі бекітілген кезге дейін бұрын келісілген қолданыстағы тарифті қолдануға міндеттенеді.

6.4. Жалдаушы Объектілерді тәулік бойы өткізу режимін және күзетуді, сондай-ақ меншік иелерінің тұрақ орындары мен тұрғын емес үй-жайларға кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

6.5. Жалдаушы берілген объектіні тек оның нысаналы мақсатына сәйкес иеленуге және пайдалануға міндеттенеді.

6.6. Жалдаушы объектілерді иелену және пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы заңнамасының талаптарын қамтамасыз етуге және сақтауға міндеттенеді.

6.7. Жалдаушы қадағалау және бақылаушы органдардың талаптарын, сондай-ақ жалға берілетін Объектілерге қатысты қолданылатын салалық ережелер мен нормаларды қамтамасыз етуге және сақтауға міндеттенеді. Бақылау органдарының кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде туындайтын, сондай-ақ Объектілердің сақталуына, Объектілер орналасқан аумақтың экологиялық және санитарлық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жағдайларды болдырмау және жою жөнінде шаралар қабылдау туралы ұйғарымдарын белгіленген мерзімде орындау.

6.8. Жалдаушы тұрақ орындарын жалға беру бойынша Жалға берушінің жүйесіне (parking.transcard.kz) қосылу үшін барлық қажетті шараларды орындауға міндеттенеді.

Жалға берушінің тұрақ орындарын жалға беру жөніндегі жүйеге (сайтқа) қосу жөніндегі іс-шараларды жүргізу кезеңінде Жалдаушы берілген Объектілерде тұрақ орындарын жалға беру жөніндегі жүйеде (сайтқа) жалдау мүмкіндігі басталғанға дейін тұрақ орындарын Жалдаушыларды жалдау ақысының баламалы әдістерімен және өзге де іс-қимылдармен қамтамасыз етуге міндетті.

6.9. Жалдаушы Жалға берушінің объектілерін иеленуді және пайдалануды (жалға алуды) жүзеге асыру кезінде Объектіні Қабылдау-тапсыру актісі бойынша Объектілерді Жалға берушіден алған кезден бастап, 6 (алты) ай ішінде мынадай техникалық мүмкіндіктері бар (осы Шартқа №4 Қосымша) (олармен шектелмей) жабдықтарды орнату жоспар-кестесіне сәйкес автоматтандырылған бағдарламалық-аппараттық кешендерді орнатуға міндетті (осы Шартқа № 4 қосымша):

- МТНБ тану (мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі) және тұрақ аймағына кіруді бақылау (қара және ақ тізімдер);

- тұрақ жабдығы мыналарды қамтуы керек (шектелмей): шлагбаумдар жиынтығы, кіру станциясы, шығу станциясы, тұрақ жабдығының жұмысына арналған бағдарламалық қамтамасыз ету, қажет болған жағдайда POS жүйесі бар төлем терминалы, қажетті басқару блоктары мен компоненттері, автоматты қақпадағы фотоэлементтер, МТНБ тану жүйесі, диспетчермен байланыс жүйесі, операторды штаттан тыс жағдайлар туралы хабардар ету модулі;

- көлік тұрағы жабдықтары мен оның бағдарламалық жасақтамасы өндіруші тарапынан ашық, сондай-ақ барлық жалға алынған Объектілер үшін бірдей (бірыңғай) және Жалға берушінің жүйелері мен сайттарына интеграциялану мүмкіндігімен болуы тиіс;

- осы есептерді түсіру және жүйені талап ету бойынша Жалға берушінің платформасымен біріктіру мүмкіндігімен статистикалық және өзге де есептерді алу үшін Жалға берушінің уәкілетті өкілдері (қызметкерлері) үшін есептік жазбалардың болуы;

- Жалға берушінің талабы бойынша ақпараттық жүйеде тарифтерді өзгерту және көрсету мүмкіндігі (сағат, күн, түн, резерві/кестесі бар абонемент, аймақтар бойынша көп тарифтілік, айыппұлдар, жеңілдіктер жүйесі және т.б.);

- сақтау мерзімі кемінде 1 (бір) ай болатын бейне файлдарды көру және жазу үшін, Жалға берушіге рұқсат бере отырып, әрбір паркинкте жеке бейнебақылау жүйелерінің болуы;

6.10. Автоматтандырылған бағдарламалық-аппараттық кешендерді орнатқаннан кейін Жалдаушы Жалға берушімен осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №5 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша жабдықты орнату және іске қосу Кктісіне қол қоюға міндетті. Жалдаушы жабдықты орнату және іске қосу Актісіне қол қойғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде бағалау құнына сәйкес № 7 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қабылдау-тапсыру актісіне қол қою арқылы автоматтандырылған бағдарламалық - аппараттық кешендерді және олардың барлық сәйкестендіру және техникалық құжаттары бар жиынтықтауыштарын Жалға берушіге береді. Бағалау шығындарын Жалдаушы көтереді.

6.11. Мерзім аяқталған немесе осы Шарт кез келген негіз бойынша тоқтатылған/бұзылған жағдайда, Объектіні иелену және пайдалану (жалға алу) кезінде Жалдаушы жүргізген не белгілеген барлық жақсартуларға (оның ішінде бағдарламалық-аппараттық кешендерге, олардың жинақтауыштарына, шығыс материалдарына, бағдарламалық қамтамасыз етуге айрықша құқықтарға және т. б.) меншік құқығы Жалға берушіге өтеді.

6.12. Жалдаушының бағдарламалық-аппараттық кешендері мен бағдарламалық қамтамасыз етуін Жалға берушінің ақпараттық жүйелерімен интеграциялау кезінде Жалдаушы Жалға беруші жүйелерінің қауіпсіздігі мен сақталуына толық жауапты болады.

6.13. Тараптар арасындағы қатынастарда Жалдаушы Жалға берушіні Жалдаушының тұрақ орындарын жалдау қызметтерін ұсыну жөніндегі өз міндеттемелерін және үшінші тұлғалар алдындағы өзге де міндеттемелерін орындамауына байланысты келтірілген талаптардан, жауапкершіліктен және залалдан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құзыретті органдарының талаптарынан қорғайды.

6.14. Жалға беруші Жалдаушының үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Жалдаушы осы Шартта көзделген өз міндеттемелерін

орындауға байланысты үшінші тұлғалар мен тексеруші органдар алдында дербес жауапты болады. Үшінші тұлғалар Жалға берушіні жауапкершілікке тартқан жағдайда (ақша қаражатын өндіріп алу, айыппұл салу, бұзушылықтар жөніндегі уәкілетті органдардың нұсқамалары және т.б.), Жалдаушы Жалға берушінің шығындары мен келтірілген залалын өз қаражаты есебінен жабуға міндеттенеді.

6.15. Жалдаушы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін тұрақ орындарын жалға беру қызметтеріне тарифтерді белгілеу және қолдану бөлігінде барлық тәуекелдерді және толық жеке-дара жауапкершілікті өзіне алады.

6.16. Жалдаушы осы Шартты жасасқан кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Жалға берушімен талап ету құқығын (цессия) беру туралы шарт жасасуға және Жалға беруші олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін тұрақ орындарын Жалдаушылармен жасасқан қолданыстағы жалдау шарттарының талаптарын өзгертпеуге өзіне міндеттеме алады.

6.17. Объектінің (объектілердің) нысаналы мақсаты өзгерген кезде Жалдаушы нысаналы мақсатын өзгертуге уәкілетті органдардың рұқсаттарын алуға және осы өзгерістерді Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында тіркеуге міндетті. Осы рәсімдерді жүргізуге байланысты шығындарды Жалдаушы көтереді.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

7.1. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Шартқа және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.2. Төлем мерзімдерін бұзғаны үшін Жалға беруші Жалдаушыдан мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін төленуге жататын соманың 0,1% (оннан бір пайызы) мөлшерінде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.3. Жалдаушы осы Шарттың 6.9-тармағында көзделген жабдықты орнату мерзімін бұзған жағдайда негізгі ай сайынғы жалдау төлемінен басқа, Жалдаушы Жалға берушіге бір айлық жалдау ақысы мөлшерінде айыппұл төлейді. Мерзім бұзылуы қайталанған және одан кейінгі әрбір бұзылған кезде айыппұл мөлшері екі есе артады. (Мерзімі өткен бірінші айда бір айлық жалдау ақысы мөлшерінде, мерзімі өткен екінші айда екі айлық жалдау ақысы мөлшерінде, мерзімі өткен үшінші айда төрт айлық жалдау ақысы мөлшерінде және өсім бойынша).

7.4. Жалға беруші Жалдаушының берілген Объектілердің тиісті жай-күйінде қолдауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерін бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, Жалдаушы күнтізбелік 30 күн ішінде анықталған бұзушылықтарды жоюға міндетті. Жою мерзімдерін Жалға беруші ұзарта алады.

Егер Жалдаушы көрсетілген мерзімде бұзушылықтарды жоймаса, Жалға беруші Жалдаушыдан мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін айлық жалдау ақысының сомасынан 0,1% (оннан бір пайыз) мөлшерінде өсімпұл төлеуді есептеуге және талап етуге құқылы.

Жалдаушы бұзушылықтарды жою мерзімдерін 2 (екі) реттен артық бұзған жағдайда, Жалға берушінің осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқығы бар.

7.5. Осы Шартта көзделген тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеу Тараптарды қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындаудан босатпайды.

7.6. Егер Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Жалдаушы немесе үшінші тұлғалар Жалға берушінің Объектілеріне залал келтірген жағдайда, онда Жалдаушы Тараптар келіскен мерзімде нақты залалды өтеуге міндетті.

7.7. Егер осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін Объектілердің жай-күйі негіздердің кез келгені бойынша осы Шарттың 4.1-тармағының 4.1.21-

тармақшасында көзделген талаптарға сәйкес келмесе, Жалдаушы Жалға берушіге келтірілген залалды өтейді. Бұл ретте, залалды бағалауға арналған шығындарды Жалдаушы көтереді.

7.8. Тараптардың осы Шартқа байланысты үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелері ынтымақты және субсидиарлық болып табылмайды.

7.9. Өзге жағдайларда Тараптардың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

8. ШАРТТЫ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БҰЗУ ШАРТТАРЫ

8.1. Тараптар, осы Шартта тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Объектілерді берген кезден бастап 11 (он бір) ай өткенге дейін осы Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы емес.

8.2. Жалға беруші өзі үшін қандай да бір қаржылық салдарсыз, Жалдаушы Шарттың елеулі талаптарын бұзған жағдайда, біржақты соттан тыс тәртіппен Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы, онымен Жалдаушы осы Шартқа қол қою арқылы келіседі. Жалдаушының Шарттың елеулі талаптарын бұзуы мынадай бұзушылықтардың бірі болып табылады:

8.2.1. егер Жалдаушы жалдау ақысын төлеу мерзімін 2 (екі) реттен артық бұзса;

8.2.2. Жалдаушының Объектіні осы Шартта көзделмеген мақсаттар үшін Жалға берушінің жазбаша келісімінсіз пайдалануы;

8.2.3. егер Жалдаушы қасақана немесе абайсызда Жалға беруші берген Объектілерді айтарлықтай нашарлатса;

8.3. Шарттың 8.2-тармағында көрсетілген жағдайларда бұзылуы туралы жазбаша хабарламаны Жалға берушіге Шарттың бұзылу күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жіберуге міндетті. Бұл жағдайда Шартты бұзу туралы жеке жазбаша келісім талап етілмейді. Жалдаушы хабарламаны алған кезден бастап, 30 (отыз) күнтізбелік күн өткен соң басталған күн Шартты бұзу күні болып табылады. Бұл ретте Жалдаушы осы Шартта көзделген мерзімдерде Объектілерді босатуға және Жалға берушіге қайтаруға, Жалға берушінің алдында бар жалдау ақысы бойынша берешекті өтеуге міндетті.

8.4. Осы Шарт Жалдаушының бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Жалдаушы Жалға берушіге болжамды бұзылу күніне дейін күнтізбелік 90 (тоқсан) күн бұрын жазбаша хабарлама жіберуге міндетті.

Бұл ретте Жалдаушы Жалға берушіге ай сайынғы жалдау төлемдерінен басқа Шартты бұзу және Объектілерді босату басталған күнге дейін, Жалға берушіге осы Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жіберілген күннен бастап, 10 жұмыс күні ішінде осы Шарттың 3.1-тармағында көрсетілген жалдау ақысының 3 айлық мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

8.5. Жалға беруші өзіне қандай да бір қаржылық салдарсыз, біржақты соттан тыс тәртіппен Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін болмайтын объектілерге меншік құқығын және/немесе басқару құқығын беру кезінде Шартты мерзімінен бұрын бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 7 (жеті) күн бұрын Жалдаушыға жазбаша хабарлама жіберу жолымен бұзуға құқылы.

9. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ

9.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер оларды орындаудың мүмкін еместігі дүлей зілзалалар, соғыстар, қарулы қақтығыстар, жаппай азаматтық тәртіпсіздіктер, эпидемиялар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, мемлекеттік билік органдарының шешімдері сияқты еңсерілмейтін күш мән-жайларының (бұдан әрі мәтін бойынша - Мән-жайлар)

салдарынан болса, олар Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен жағдайда, жауапкершіліктен босатылады.

Бұл ретте Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш мән-жайлары әрекет еткен уақытқа сәйкес кейінге қалдырылады.

9.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп Шарт жасасқаннан кейін Тараптардың күтпеген және алдын алуға болмайтын оқиғаларының нәтижесінде туындаған мән-жайлар түсініледі.

9.3. Еңсерілмейтін күш мән-жайларын сауда-өнеркәсіп палатасы және/немесе өзге де құзыретті орган тиісті түрде растауға тиіс.

9.4. Еңсерілмейтін күш жағдайларына жатпайды:

- Тараптардың қасақана әрекеттерінен туындаған оқиғалар;
- Шарт бойынша өз міндеттемелерін адал орындайтын Тарап болжай алатын және жеңе алатын оқиғалар;

- қолма-қол ақшаның болмауы және/немесе төлемді жүзеге асырмау.

9.5. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғаннан бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауда осы мән-жайлардың нәтижесінде кедергілерге тап болған Тарап екінші Тарапты осы мән-жайлардың туындағаны туралы жазбаша хабардар етеді және 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде екінші Тарапқа еңсерілмейтін күш мән-жайларының фактісін растайтын құжатты ұсынады. Осы тармақтың шарттарын, оның ішінде хабарлау және құжаттарды ұсыну мерзімдерін бұзған Тарап еңсерілмейтін күш мән-жайларына сілтеме жасау құқығынан айырылады.

9.6. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Шарттың қолданылуы осындай мән-жайлардың қолданылу мерзіміне толық көлемде немесе ішінара тоқтатыла тұруы мүмкін. Егер жағдай қатарынан 60 (алпыс) күнтізбелік күннен артық жалғаса берсе және тоқтату белгілерін таппаса, Тараптар бірлескен шешіммен одан әрі іс-қимылдарды айқындайды, Шартты тоқтата тұрады және/немесе мүлдем тоқтатады.

10. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

10.1. Шарттың талаптары құпия сипатқа ие және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тікелей белгіленген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз жария етуге жатпайды.

10.2. Тараптар осы Шарттан немесе соған байланысты туындауы мүмкін кез келген даулар мен келіспеушіліктерді соттан тыс тәртіппен келіссөздер жолымен, достық тәсілмен шешу үшін барынша күш салатын болады. Даулар мен келіспеушіліктерді мұндай реттеу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешу үшін Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына берілетін болады.

10.3. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша нысанда жасалса, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойса және олардың қолдары Тараптардың мөрлерімен куәландырылса ғана жарамды деп есептеледі.

10.4. Тараптардың Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

10.5. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына байланысты осы Шарттың қандай да бір бабының немесе ережесінің жарамсыздығы Шарттың тұтастай жарамсыздығына әкеп соқпайды. Бұл жағдайда осы Шарттың қалған баптары мен ережелері олар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін дәрежеде қолданылатын болады.

10.6. Осы Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Тараптар өзіне қабылдаған міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

10.7. Шарт әрбір Тарап үшін бір данадан және тіркеуші орган үшін 1 (бір) данадан, тең заңды күші бар, орыс тілінде 3 (үш) түпнұсқа данада жасалды және қол қойылды.

11. ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ МЕН ҚОЛДАРЫ

ЖАЛҒА БЕРУШІ

«City Transportation Systems» ЖШС

Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 9

БСН 110540005586

БСК HSBKKZKX

ЖСК KZ806017111000011640-KZT

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

Тел.: 8 (7172) 577 177

ЖАЛДАУШЫ

«_____»

Астана қ., _____ к-сі

БСН _____

БСК _____

ЖСК _____

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

Тел.:

қолы М.О.

қолы М.О.

Жалға берілетін жылжымайтын мүліктің тізбесі

№	Мүліктің атауы	О.орын саны	Жалпы ауданы (ш.м)
1			
2			
3			
4			

ЖАЛҒА БЕРУШІ:

ЖАЛДАУШЫ:

«City Transportation Systems» ЖШС

**Объектіні Қабылдау-тапсыру актісінің
нысаны**

Астана қ.

«___» _____ 202_ ж.

«City Transportation Systems» ЖШС атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін, _____, бұдан әрі «Жалға беруші» деп аталатын, бір жағынан және _____ атынан, _____ негізінде әрекет ететін, _____, бұдан әрі «Жалдаушы» деп аталатын, екінші жағынан, бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталатын,

- Тараптар арасында жасалған 20___ ж. «___» _____ № _____ Жылжымайтын мүлікті жалдау шартын (бұдан әрі - Шарт);

- Шарттың 2.1-тармағына сай Жалға берушінің Объектіні Жалдаушыға уақытша иеленуге және пайдалануға (жалға алуға) беруін Тараптар №2 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша Объектіні жалдау (жалға алу) Актісіне қол қою арқылы ресімдейтінін

ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, Тараптар төмендегі туралы осы Объектіні Қабылдау-тапсыру актісін (бұдан әрі – Акт) жасады:

1. Осы Актіге қол қою кезінде Жалға беруші берді, ал Жалдаушы Объектілерді басқару мақсатында осы Актінің қосымшасына сәйкес _____ (саны) _____ (объектінің түрі) (бұдан әрі - Объектілер) уақытша иеленуге және пайдалануға қабылдады.

2. Осы Актіге қол қою арқылы Жалдаушы өзі беретін Объектінің қаралғанын, Жалдаушының объектінің техникалық жай-күйіне қатысты қандай да бір бұзылғандығы (ақаулары) жоқ екенін және Жалға берушіге шағымдары жоқ екенін растайды.

3. Осы Акт Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Шарттың ажырамас бөлігіне айналады.

4. Осы Акт Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден және тіркеуші орган үшін бір данадан, тең заңды күші бар, орыс тілінде 3 (үш) түпнұсқа данада жасалды.

5. Тараптардың атаулары, қолдары және мөрлері:

ЖАЛҒА БЕРУШІ:

«City Transportation Systems» ЖШС

ЖАЛДАУШЫ:

Директор

**Объектіні қайтару туралы Акт
нысаны**

Астана қ.

«___» _____ 202_ ж.

«City Transportation Systems» ЖШС атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін, _____, бұдан әрі «Жалға беруші» деп аталатын, бір жағынан және _____ атынан, _____ негізінде әрекет ететін, _____, бұдан әрі «Жалдаушы» деп аталатын, екінші жағынан, бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталатын,

- Тараптар арасында жасалған 20___ ж. «___» _____ № _____ Жылжымайтын мүлікті жалдау шартын (бұдан әрі - Шарт);

- Шарттың 2.4-тармағының талаптарына сәйкес, жалдау (жалға алу) мерзімі аяқталған күні немесе Шарттың қолданылу мерзімі тоқтатылған күні өзге негіздер бойынша Жалдаушы (Жалға алушы) Объектіні босатуға және Жалға берушіге (Жалға берушіге) қайтаруға міндетті. Объектіні қайтару №3 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша Объектіні қайтару туралы актіге қол қою арқылы ресімделеді. Тараптар қол қойған күннен бастап Объектіні қайтару туралы Акт Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және оған қол қою Жалдаушының (Жалға алушының) Жалға берушіге (Жалға берушіге) Объектіні нақты қайтарғанын куәландыратынын

ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, Тараптар төмендегі туралы осы Объектіні Қайтару туралы актіні (бұдан әрі – Акт) жасады:

1. Жалдаушы қайтарды, ал Жалға беруші осы Актінің қосымшасына сәйкес _____ (саны) _____ (объектінің типі) (бұдан әрі – Объект) қабылдады.

2. Жалға берушінің қайтарылатын Объектінің техникалық жай-күйіне қатысты Жалдаушыға шағымдары жоқ.

3. Жалдаушы осы Актіге қол қою арқылы Жалға берушінің Объектілерді қайтаруына қатысты Жалға берушіге қандай да бір талаптардың жоқтығын растайды.

4. Осы Акт Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Шарттың ажырамас бөлігіне айналады.

5. Осы Акт әрбір Тарап үшін бір-бірден, тең заңды күші бар, 2 (екі) түпнұсқа данада жасалды.

6. Тараптардың атаулары, қолдары және мөрлері:

ЖАЛҒА БЕРУШІ:
«City Transportation Systems» ЖШС

ЖАЛДАУШЫ:

Директор

КЕЛІСІЛДІ
«City Transportation Systems» ЖШС

«___» _____ 202_ жыл

БЕКІТІЛДІ
Лауазымы _____ «___» ЖШС
ТАӘ

«___» _____ 202_ жыл

Нысан
Паркингтерді бағдарламалық-аппараттық кешендермен
(тұрақ жабдықтарымен) жарақтандырудың
Жоспар-кестесі

№	Іс-шара	Мерзімі	Аяқтау нысаны
1.	Жабдықтарды, жинақтаушы және шығын материалдарын жеткізу шартын жасасу		- жеткізу шартының көшірмесі
2.	Жабдықтарды, жиынтықтауыштар мен шығын материалдарын жеткізу		- тауар-көлік жүкқұжатының көшірмесі; - жүк-кеден декларациясының көшірмесі (Кеден одағының аумағына әкелінген жағдайда).
3.	Уәкілетті органдардан және басқа да мүдделі тұлғалардан (аралас үй-жайлардан) монтаждауға рұқсат алу		- рұқсат құжатының көшірмесі; - мүдделі тұлғалардың келісімін растайтын құжаттың көшірмесі.
4.	Жабдықтарды электрмен жабдықтау желілерін және коммуникациялық байланыс жүйелерін монтаждау		- жабдықты монтаждау туралы актінің көшірмесі; - орындалған жұмыстар актісінің көшірмесі (үшінші тұлғалар жалданған жағдайда);
5.	Тұрақ жабдығының элементтерін монтаждау		- жабдықты монтаждау туралы актінің көшірмесі; - орындалған жұмыстар актісінің көшірмесі (үшінші тұлғалар жалданған жағдайда);
6.	Автотұрақ жабдықтарына арналған бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу және біріктіру		- орындалған жұмыстар актісінің көшірмесі (үшінші тұлғалар жалданған жағдайда);
7.	Серіктестік жүйелерімен және сайтымен интеграция		Серіктестік сайтында жаңа функционалдың пайда болуы

202_ ж. «_____» _____ № _____
Жылжымайтын мүлікті жалдау шартына
№5 Қосымша

Жабдықты орнату және іске қосу Актісінің нысаны

Астана қ. «_____» _____ 202_ ж.

«City Transportation Systems» ЖШС атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін, _____, бұдан әрі «Жалға беруші» деп аталатын, бір жағынан және

_____ атынан, _____ негізінде әрекет ететін, _____, бұдан әрі «Жалдаушы» деп аталатын, екінші жағынан, бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталатын,

- Тараптар арасында жасалған 20__ ж. «_____» _____ № _____ Жылжымайтын мүлікті жалдау шартын (бұдан әрі - Шарт);

- Шарттың 6.7.-тармағының талаптарына сәйкес Жалдаушы бағдарламалық-аппараттық кешендерді орнатқаннан кейін Жалға берушімен Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №5 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша жабдықты орнату және іске қосу актісіне қол қоюға міндетті екенін

ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, Тараптар төмендегі туралы осы жабдықты орнату және іске қосу туралы Актіні (бұдан әрі – Акт) жасады:

1. Жалдаушы мынадай сандық және сапалық сипаттамалары бар жабдықтарды (бағдарламалық-аппараттық кешендерді) орнатып, іске қосты, ал Жалға беруші орнату және іске қосу фактісін растады:

№	Атауы	Сериялық нөмірі	Саны
1.			
2.			
3.			

2. Жалға берушінің Жалдаушыға жабдықтың (бағдарламалық-аппараттық кешендердің) техникалық жай-күйіне қатысты шағымдары жоқ.

3. Жалдаушы осы Актіге қол қою арқылы жабдықты орнатуға және іске қосуға қатысты Жалға берушіге қандай да бір талаптардың жоқтығын растайды.

4. Осы Акт Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Шарттың ажырамас бөлігіне айналады.

5. Осы Акт әрбір Тарап үшін бір-бірден, тең заңды күші бар, 2 (екі) түпнұсқа данада жасалды.

Тараптардың атаулары, қолдары және мөрлері:

ЖАЛҒА БЕРУШІ:
«City Transportation Systems» ЖШС

ЖАЛДАУШЫ:

_____ Директор

Техникалық регламент

Астана қ.

«_____» _____ 2023 ж.

«City Transportation Systems» ЖШС атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін, _____, бұдан әрі «Жалға беруші» деп аталатын, бір жағынан және

_____ атынан, _____ негізінде әрекет ететін, _____, бұдан әрі «Жалдаушы» (Жалға алушы) деп аталатын, екінші жағынан, бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталатын,

- Тараптар арасында жасалған 2023 ж. «_____» _____ № _____ Жылжымайтын мүлікті жалдау (жалға алу) шартын (бұдан әрі - Шарт);

- Шарттың 4.1.9. тармағының талаптарына сәйкес Жалдаушы (Жалға алушы) жалға алынатын Объектіні тиісті техникалық жағдайда ұстауға, өз есебінен ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізуге, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №6 Қосымшаға сәйкес мүлікті күтіп-ұстау техникалық регламентіне сәйкес мүлікті күтіп-ұстау жөніндегі шығындарды көтеруге міндеттенетінін

ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, Тараптар төмендегі туралы осы Техникалық регламентті (бұдан әрі - Регламент) жасады:

1. Жалдаушы (Жалға алушы) Объектіні мынадай сапалық сипаттамалары бойынша ұстауға міндеттенеді:

№	Атауы	Тиісті техникалық жағдай
1.	Тұрақ қасбеті	Әрлеу материалы бар; Көрнекі ақаулар жоқ;
2.	Кіру/шығу жолдары	Тегіс жабын бар (асфальт/бетон); Автоматты тосқауылдар жұмыс істейді;
3.	Автоматты кіру/шығу қақпасы	Қақпа жұмыс күйінде; Көрнекі ақаулар жоқ;
5.	Автотұрақтың төбесі мен шатыры	Тұрақ шатырының гидроизоляциясы бар; Жауын-шашын кезінде төбеден ақпайды;
6.	Паркинг едені	Жақсы көрінетін белгілердің болуы; Жабын тегіс, таза, визуалды ластанусыз;
7.	Паркингтен/кіреберіске шығу/кіру	Жұмыс істейтін есік жапқыштарының болуы; Жұмыс істейтін домофондардың болуы;
8.	Паркингті жарықтандыру	Жарықтандыру жұмыс істейді; Жұмыс істемейтін шамдар жоқ;
9.	Бейнебақылау жүйесі	Сақтау мерзімі кемінде 1 (бір) ай болатын бейнебақылау камералары жұмыс істейді;
10.	Өрт сөндіру жүйесі	Өрт дабылы жүйесі жұмыс істейді;

		Түтін шығару жүйесі жұмыс істейді; Өрт сөндіру жүйесі жұмыс істейді;
11.	Желдету жүйесі	Желдету жүйесі жұмыс істейді.

2. Жалдаушы (Жалға алушы) осы Регламентке қол қою арқылы Жалға берушінің (Жалға берушінің) Объектісін көрсетілген сапалық сипаттамаларға ұстау бойынша міндеттемелерді қабылдауға келісім береді.

3. Осы Регламент Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Шарттың ажырамас бөлігіне айналады.

4. Осы Регламент әрбір Тарап үшін бір-бірден, тең заңды күші бар, 2 (екі) түпнұсқа данада жасалды.

5. Тараптардың атаулары, қолдары және мөрлері:

ЖАЛҒА БЕРУШІ

«City Transportation Systems» ЖШС

ЖАЛДАУШЫ

(ЖАЛҒА АЛУШЫ):

Директор _____

202_ ж. «_____» _____ № _____
Жылжымайтын мүлікті жалдау шартына
№7 Қосымша

**Автоматтандырылған бағдарламалық-аппараттық кешендер мен
олардың жиынтықтауыштарын Қабылдау-тапсыру актісінің
нысаны**

Астана қ. «_____» _____ 202_ ж.

«City Transportation Systems» ЖШС атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін, _____, бұдан әрі «Жалға беруші» деп аталатын, бір жағынан және

_____ атынан, _____ негізінде әрекет ететін, _____, бұдан әрі «Жалдаушы» деп аталатын, екінші жағынан, бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталатын,

- Тараптар арасында жасалған 20__ ж. «_____» _____ № _____ Жылжымайтын мүлікті жалдау шартын (бұдан әрі - Шарт)

ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, Тараптар төмендегі туралы осы Қабылдау-тапсыру актісін (бұдан әрі - Акт) жасады:

1. Осы Актіге қол қою кезінде Жалдаушы осы Актінің қосымшасына сәйкес автоматтандырылған бағдарламалық-аппараттық кешендерді және олардың жиынтықтауыштарын берді, ал Жалға беруші қабылдады.

2. Осы Актіге қол қою арқылы Жалға беруші берілетін автоматтандырылған бағдарламалық-аппараттық кешендер мен оның жинақтауыштары қаралғанын, Жалға берушінің автоматтандырылған бағдарламалық-аппараттық кешендердің және олардың жинақтауыштарының техникалық жай-күйіне қатысты Жалдаушыға қандай да бір бұзылуы (ақаулары) жоқ екенін және шағымдары жоқ екенін растайды.

3. Осы Акт Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Шарттың ажырамас бөлігіне айналады.

4. Осы Акт Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден, бірдей заңды күші бар, орыс тілінде 2 (екі) түпнұсқа данада жасалды.

ЖАЛҒА БЕРУШІ:

«City Transportation Systems» ЖШС

ЖАЛДАУШЫ:

Директор
